



2023–2024 оқу жылына арналған Әдістемелік кеңес жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Әдістемелік кеңес Тақырыбы: <i>«Мектепке дейінгі ұйымдағы сапалы білім беру мен тәрбиенің жаңа бағыттары»</i> 2023–2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесінің басым міндеттерін айқындау. Педагогтердің жылдық жұмыс жоспарларын, перспективалық жоспарларын және циклограммаларын қарастыру, бекіту. Мектепке дейінгі ұйым қызметінде қолданылатын нормативтік-құқықтық құжаттардағы өзгерістермен таныстыру.	Қыркүйек	Әдіскер А.С.Балжанова
2	Тақырыбы: <i>«Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиені ұйымдастырудың тиімді тәжірибелері»</i> Кеңес: <i>«Мектепке дейінгі ұйымдағы ұлттық құндылықтарды күнделікті оқу-тәрбие жұмысына кіріктіру жолдары»</i>. Шеберлік сыныбы: <i>«Ойын технологиялары арқылы балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту»</i>. Коучинг-тренинг: <i>«Тиімді педагогикалық қарым-қатынас – сапалы білім берудің негізі»</i>. Дөңгелек үстел: <i>«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі»</i>.	Ақпан	Әдіскер А.С.Балжанова Тәрбиешілер; Д.А.Серікбаева О.П.Еремина А.М.Жүсіпова А.Б.Сәменова З.Ж.Файзуллина
	Тақырыбы: <i>Педагогтің кәсіби дамуы – сапалы білім кепілі</i> Әдістемелік жұмыстың орындалуына мониторинг жүргізу және нәтижелерін талдау. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы тәжірибелерін жинақтау. Педагогикалық оқу: <i>«Заманауи педагогтің кәсіби келбеті және инновациялық тәжірибесі»</i>. Пікір алмасу алаңы: <i>тәжірибелік алаң «Таңғажайып алаң» іске асырудың тиімді тәжірибелері.</i> 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын белгілеу.	Сәуір	Әдіскер А.С.Балжанова

**«Alinur» балабақшасының 2023–2024 оқу жылында ұйымдастырылған
әдістемелік кеңес отырысының
Хаттамасы №1**

Өткізілген күні: 20.09.2023 ж.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарына жаңартылған білім беруді енгізу және оны жалғастыру.
2. 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
3. Балабақшада жұмыс барысында басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру.

I. Тыңдалды: меңгерушісі А.Б.Аралова жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі бағыттарына тоқталды. Ол мектепке дейінгі ұйым қызметінде тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және білім беру үдерісінде заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолданудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру, қауіпсіз әрі қолайлы орта ұйымдастыру қажеттігіне назар аударды.

II. Тыңдалды: әдіскер А.С.Балжанова 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын таныстырып, оның негізгі бағыттарына жан-жақты тоқталды. Жоспарда педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, тәлімгерлік жұмысын дамыту, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасын арттыру, инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, педагогтердің тәжірибе алмасуын ұйымдастыру және ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту мәселелері қамтылғаны айтылды. Жоспар талқыланып, педагогтердің ұсыныс-пікірлері ескеріліп, толықтырулар енгізілді. Кеңес мүшелері әдістемелік жұмыс жоспарын бірауыздан қолдап, бекітуге ұсынды.

III. Тыңдалды: әдіскер А.С.Балжанова педагогтарды жаңа оқу жылында басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық және әдістемелік құжаттармен таныстырды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Үлгілік оқу бағдарламасы, мектепке дейінгі ұйым қызметін реттейтін әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулық хаттардың талаптары түсіндірілді. Сонымен қатар құжаттарды оқу-тәрбие процесінде дұрыс пайдалану, құжаттамаларды талапқа сай жүргізу және педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру мәселелері талқыланды. Педагогтер өз ұсыныстарын білдіріп, құжаттармен жүйелі жұмыс жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Қабылданған шешім:

1. Жаңа оқу жылында тәрбиелеу мен оқыту жұмысын мемлекеттік нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.
2. 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарланған іс-шаралардың уақытылы орындалуы бақылауға алынсын.
3. Нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарын қатаң сақтап, педагогикалық құжаттамалар белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізілсін.
4. Тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында әдістемелік іс-шаралар, тәжірибе алмасу, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер тұрақты түрде өткізілсін.



**«Аlinur» балабақшасының 2023–2024 оқу жылында ұйымдастырылған
әдістемелік кеңес отырысының
Хаттамасы №2**

Өткізілген күні: 15.02.2024 ж.

Қатысқаны: 6

Қатыспағаны: 1 (себепті)

Күн тәртібінде:

- 1.«Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиені ұйымдастырудың тиімді тәжірибелері» тақырыбындағы әдістемелік кеңес. **Әдіскер** А.С.Балжанова
- 2.Кеңес: «Мектепке дейінгі ұйымдағы ұлттық құндылықтарды күнделікті оқу-тәрбие жұмысына кіріктіру жолдары». **Тәрбиеші** Д.А.Серікбаева
- 3.Шеберлік сыныбы: «Ойын технологиялары арқылы балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту». **Тәрбиеші** О.П.Еремина
- 4.Коучинг-тренинг: «Тиімді педагогикалық қарым-қатынас – сапалы білім берудің негізі». **Тәрбиеші** А.М.Жүсіпова
- 5.Дөңгелек үстел: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі». **Тәрбиеші** А.Б.Сәменова

I. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова ұлттық құндылықтарды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту үдерісіне кіріктірудің маңыздылығына тоқталды. Өз сөзінде қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық мәдениеті, ана тілі, әдептілік, үлкенді құрметтеу, еңбекқорлық сияқты құндылықтарды ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, ойын барысында және күн тәртібіндегі барлық режимдік сәттерде жүйелі қолданудың тиімділігі туралы баяндады.

II. Тыңдалды: Тәрбиеші Д.А.Серікбаева «Мектепке дейінгі ұйымдағы ұлттық құндылықтарды күнделікті оқу-тәрбие жұмысына кіріктіру жолдары» тақырыбында кеңес өткізіп, ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, ертегілер, ұлттық мерекелер мен дәстүрлерді балалардың жас ерекшеліктеріне сай қолданудың тиімді тәсілдерімен бөлісті. Педагогтер өз тәжірибелерінен мысалдар келтіріп, пікір алмасты.

III. Тыңдалды: Тәрбиеші О.П.Еремина «Ойын технологиялары арқылы балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізді. Іс-шара барысында дидактикалық, ұлттық және қимылды ойындарды ұйымдастыру әдістері көрсетіліп, ойын арқылы балалардың сөйлеу, ойлау, қиялдау және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға арналған тиімді тәсілдер ұсынылды. Педагогтер практикалық тапсырмалар орындап, тәжірибе алмасты.

IV. Тыңдалды: тәрбиеші А.М.Жүсіпова «Тиімді педагогикалық қарым-қатынас – сапалы білім берудің негізі» тақырыбында коучинг-тренинг ұйымдастырды. Тренинг барысында педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, ынтымақтастық атмосферасын нығайту, ата-аналармен және әріптестермен тиімді байланыс орнату жолдары

V. Тыңдалды: Тәрбиеші А.Б.Сәменова «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Іс-шара барысында отбасы тәрбиесі мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілік мәселелері талқыланды. Қатысушылар өз ұсыныстарын білдіріп, тәжірибе алмасты.

1. Ұлттық құндылықтарды мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие жұмысына жүйелі түрде кіріктіру жалғастырылсын.
2. Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ұлттық ойындарды, халық ауыз әдебиеті үлгілерін және заманауи ойын технологияларын тиімді қолданысын.
3. Педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруге бағытталған коучингтер мен тәжірибе алмасу жұмыстары тұрақты ұйымдастырылсын.
4. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында ата-аналармен бірлескен тәрбиелік іс-шаралардың саны арттырылсын.

Төрайымы *Ана* А.Б.Аралова
Хатшы *Ден* "Денский Сад" А.С.Балжанова

**«Alinur» балабақшасының
2023–2024 оқу жылында ұйымдастырылған әдістемелік кеңес
отырысының**

Хаттамасы №3

Өткізілген күні: 25.04.2024 ж.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. **«Педагогтің кәсіби дамуы – сапалы білім кепілі»** тақырыбындағы әдістемелік кеңес.
2. Әдістемелік жұмыстың орындалуына мониторинг жүргізу және нәтижелерін талдау.
3. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы іс-тәжірибелерін жинақтау.
4. Педагогикалық оқу: **«Заманауи педагогтің кәсіби келбеті және инновациялық тәжірибесі»**.
5. 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын айқындау.

I. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова «Педагогтің кәсіби дамуы – сапалы білім кепілі» тақырыбында баяндама жасап, оқу жылы бойы жүргізілген әдістемелік жұмыстардың нәтижесіне талдау жасады. Ол педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бағытында өткізілген семинарлар, коучингтер, шеберлік сыныптары мен ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің білім беру сапасын арттырудағы маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы – сапалы тәрбиелеу мен оқытудың басты кепілі екендігі атап өтілді.

II. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова оқу жылы барысында атқарылған әдістемелік жұмыстардың орындалуына жүргізілген мониторинг қорытындыларын таныстырды. Мониторинг нәтижесінде педагогтердің кәсіби белсенділігі, оқу-тәрбие жұмысының сапасы, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тиімділігі және балалардың даму көрсеткіштері талданды. Жүргізілген жұмыстардың оң нәтижелерімен қатар, келесі оқу жылында жетілдіруді қажет ететін бағыттар айқындалды.

III. Тыңдалды: Тәрбиешілер оқу жылы ішінде кәсіби құзыреттілікті арттыру бағытында жүргізілген жұмыстар бойынша тәжірибелерімен бөлісті. Педагогтер біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, вебинарлар, қалалық және облыстық іс-шараларға қатысу нәтижесінде жинақталған тәжірибелерін ортаға салды. Сонымен қатар авторлық дидактикалық ойындар, инновациялық технологиялар мен тиімді оқыту әдістерін қолдану тәжірибелері ұсынылды.

IV. Тыңдалды: Педагогикалық оқу барысында «Заманауи педагогтің кәсіби келбеті және инновациялық тәжірибесі» тақырыбы кеңінен талқыланды. Педагогтер қазіргі заман тәрбиешісіне қойылатын талаптар, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, зерттеушілік мәдениет пен шығармашылық ізденісті дамыту мәселелері бойынша өз ойларын ортаға салды. Инновациялық

тәжірибелерді тарату және өзара тәжірибе алмасудың маңыздылығы ерекше аталып өтті.

V. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың басым бағыттарына тоқталды. Келесі оқу жылында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін одан әрі жетілдіру, инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану, тәжірибе алмасу жұмыстарын кеңейту және ата-аналармен серіктестікті нығайту міндеттері белгіленді.

Қабылданған шешім:

1. 2023–2024 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстың қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мониторинг нәтижесінде анықталған ұсыныстар педагогтердің келесі оқу жылындағы жұмыс жоспарларына енгізілсін.
3. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылып, инновациялық тәжірибелер кеңінен таратылсын.
4. 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары бекітіліп, жоспарлы түрде жүзеге асырылсын.

Төрайымы  А.Б.Аралова
Хатшы  А.С.Балжанова

